

Орал қаласы Круглоозерный кентінің "Атамекен" шағын ауданының және Серебряково ауылының "Сайран" шағын ауданының атаусыз көшелеріне атаулар беру туралы

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының Круглоозерный кенті әкімінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 4 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 20 наурызда № 3856 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарына сәйкес, Круглоозерный кенті және Серебряково ауылы халқының пікірін ескере отырып және Батыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, кент әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Орал қаласы Круглоозерный кентінің "Атамекен" шағын ауданының және Серебряково ауылының "Сайран" шағын ауданының атаусыз көшелеріне мынадай атаулар берілсін:

1) Круглоозерный кентінің "Атамекен" шағын ауданы бойынша:

- № 1 жобалық көше – "Ақбұлақ" көшесі;
- № 2 жобалық көше – "Сыпыра жырау" көшесі;
- № 3 жобалық көше – "Еңбек" көшесі;
- № 4 жобалық көше – "Бөгенбай батыр" көшесі;
- № 5 жобалық көше – "Бірлік" көшесі;
- № 6 жобалық көше – "Қабанбай батыр" көшесі;
- № 7 жобалық көше – "Бақыт" көшесі;
- № 8 жобалық көше – "Шалкиіз жырау" көшесі;
- № 9 жобалық көше – "Аламан" көшесі;
- № 10 жобалық көше – "Бақшалы" көшесі;
- № 11 жобалық көше – "Көкпар" көшесі;
- № 12 жобалық көше – "Марқасқа" көшесі;
- № 13 жобалық көше – "Жастар" көшесі;
- № 14 жобалық көше – "Өрнек" көшесі;
- № 15 жобалық көше – "Желекті" көшесі;
- № 16 жобалық көше – "Жусанды" көшесі;

2) Серебряково ауылының "Сайран" шағын ауданы бойынша:

- № 1 жобалық көше – "Өркен" көшесі;
- № 2 жобалық көше – "Жанақ ақын" көшесі;
- № 3 жобалық көше – "Темірқазық" көшесі;

№ 4 жобалық көше – "Үмбетей жырау" көшесі;

№ 5 жобалық көше – "Шал ақын" көшесі;

№ 6 жобалық көше – "Сүмбіле" көшесі;

№ 7 жобалық көше – "Таңшолпан" көшесі;

№ 8 жобалық көше – "Даму" көшесі.

2. "Орал қаласының Круглоозерный кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы (Ж. Ниязова) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялауын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау кент әкімінің орынбасары Т. А. Сумкинаға жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кент әкімі

М. Нұржанов